ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 30 маусым №2301-26-00-2/1675 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Х.К.Сергазин, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«МИРАС Строй.k» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. 2 418 600 теңге төленген қаражатты өндіру
2. 153 179 тұрақсыздық айыбын өндіру
3. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-тің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «МИРАС Строй.k» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 2 418 600 төленген қаражатты өндіру, 153 179 тұрақсыздық айыбын өндіру, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«МИРАС Строй.k» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«МИРАС Строй.k» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 2 418 600 (екі миллион төрт жүз он сегіз мың алты жүз) теңге төленген қаражаты, 153 179 (бір жүз елу сегіз мың бір жүз жетпіс тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы, 77 153 (жетпіс жеті мың бір жүз елу үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-тің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Х.К.Сергазин

Заңды күшіне енген күні: 10.08.2026 Судья Сергазин Х.К. 11.08.2026

Қызметкер қол қойылған: Сергазин Х.К., 30.06.2026

301-26-3-1/2015

ҰЙҒАРЫМ

2026 жылғы 20 тамыз №2301-26-00-2/1675 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Х.К.Сергазин, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «МИРАС Строй.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 2 418 600 төленген қаражатты өндіру, 153 179 тұрақсыздық айыбын өндіру, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы мәселені қарап,

анықтағаны:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келесіде – талап қоюшы) сотқа «МИРАС Строй.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (келесіде – борышкер) 2 418 600 төленген қаражатты өндіру, 153 179 тұрақсыздық айыбын өндіру, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген.

Соттың 2026 жылғы 30 маусымдағы шешімімен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келесіде – талап қоюшы) сотқа «МИРАС Строй.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (келесіде – борышкер) 2 418 600 төленген қаражатты өндіру, 153 179 тұрақсыздық айыбын өндіру, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (келесіде – АПК) 235-бабының 2-бөлігіне сәйкес, сот шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

Анықталғандай, сот шешімінде жауапкердің атауы «МИРАС Строй.k» деп қате жазылған, яғни шешімде жауапкердің атауы «МИРАС Строй.kz» деп көрсетілуі тиіс.

Аталған қате жазулар арифметикалық, техникалық себептерден орын алған.

Көрсетілгеннің негізінде, сот шешіміндегі қате жазуларды түзетіп, жауапкер ретінде «МИРАС Строй.kz» деген сөздермен ауыстыру қажет.

АПК-тің 235, 268-269-баптарын басшылыққа алып, сот

ұйғарды:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «МИРАС Строй.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 2 418 600 төленген қаражатты өндіру, 153 179 тұрақсыздық айыбын өндіру, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық іс бойынша 2026 жылғы 30 маусымдағы шығарылған шешіміндегі қате жазулар түзетілсін.

Шешімде жауапкердің атауы «МИРАС Строй.kz» деген сөздермен ауыстырылсын.

Ұйғарымға жеке шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 429-бабының талаптарын сақтай отырып ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

Судья Х.К.Сергазин

Документ подписан: Сергазин Х. К., 20.08.2026